



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



Съезд қатысушыларына үндеу жолдады

Президент Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXI отырысына қатысушыларға үндеу жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қатысушыларды Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXI отырысының ашылуымен құттықтады.

«Биыл – алғашқы Съездің шақырылғанына 20 жыл. Бұл игі бастама өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, аз уақыт ішінде маңызды өркениетаралық диалог алаңына айналды. Форум дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға, бүкіл адамзатқа ортақ түйткілдердің шешімін табуға және толеранттылықты дәріптеуге септігін тигізіп келеді. Басқосу аясында әлемнің рухани көшбасшылары жаһан жұртын алаңдатқан өзекті мәселелерді талқылап, бейбітшілікті сақтау және өзара құрмет пен сыйластықты насихаттау туралы ойларын ортаға салады. Қазір геосаяси ахуал ушығып, түрлі сынқатер күшейіп тұр. Осы ал-

мағайып кезеңде ізгілік, мейірімділік, бауырмалдық, жауапкершілік сияқты қағидаттардың қадірі арта түсті. Сондай-ақ халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды мәселеге айналды. Ол үшін әлем халқын бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс қажет. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады», деді Мемлекет басшысы.

Президент Хатшылықтың бүгінгі отырысы мазмұнды әрі табысты өтетініне сенім білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан дінаралық және өркениетаралық ынтымақтастыққа негіз болатын бастамаларға әрдайым қолдау көрсететінін, оны сыртқы саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде ұстанатынын атап өтті.

Президент жиын қатысушыларына алғыс айтып, олардың ізгілік жолындағы істеріне толайым табыс тіледі.

Жыл басынан бері елге 217 миллиард теңгенің активі қайтарылды

Мемлекет басшысына Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы 9 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі және алдағы уақытқа арналған жоспары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы 9 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі және алдағы уақытқа арналған жоспары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жыл басынан бері мемлекетке жалпы сомасы 217 миллиард теңге болатын активтер қайтарылғаны, сондай-ақ келеңсіздіксіз экономикалық деңгейі 18,7 пайызға дейін төмендегені жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Жанат Әлиманов құқық қорғау органдарына 229 талдау материалы жолданғанын, есірткі сатушылардың қаржылық операцияларын бұзғаттау тәжірибесі

жолға қойылғанын айтты. Бұл жұмыс азаматтарды, әсіресе жастарды, есірткіні онлайн сатып алудан сақтайды.

Оның айтуынша, есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді жылыстату үшін пайдаланылған 924 банктік шот бұзғатталған. Криптоактивтерді пайдалана отырып жасалатын экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі арнайы бөлімше құрылған. Крипто-әмияндарға тыйым салу және цифрлық валютаны алып қою тетігі әзірленген. Заңсыз 9 криптоалмастырғыштың қызметі жойылған. Ондағы қаржы айналымы 17 миллиард теңгеден асқан.

Президентке Қазақстанда алғаш рет криптовалюта арқылы қылмыстық жолмен тапқан 47 миллион теңге табыс тәркіленіп, Агенттіктің Binance криптобиржасындағы

арнайы шотына салынғаны жөнінде баяндалды. Бұдан бөлек, террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуды көздеген 976 әрекет анықталып, бұзғатталған. Экономикалық құқық бұзушылықтардың кейбір белгілері бойынша қылмыстық құдалауды жеңілдету (декриминализация) туралы ұсыныстар енгізілген. Бұл кәсіпкерлерді қорғау шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы адал бизнесті қорғау, қаржы және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес шараларын күшейту қажет екенін ерекше атап өтті.

5 ҚАРАША НОЯБРЯ 2023

Түркістан облысы Созақ ауданының
ӘКІМІН САЙЛАУ
ВЫБОРЫ АКИМА
Созакского района Туркестанской области

12 мың жаңа жұмыс орны ашылады

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова Мәжілістің жалпы отырысында халықты жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі шаралар туралы айтты.

Ол жастар санатындағылардың жас мөлшері 35-ке дейін ұлғайтылғанын еске салды. Бұл 6 млн-ға жуық азаматтың мемлекеттік қолдау шараларын, оның ішінде жұмыспен қамту бөлігін тиімді пайдалануға мүмкіндік берген.

«2023 жылы 20 өңірде жұмыспен қамту жоспары іске асырылып отыр. Оларда алғаш рет аймақтардың өңірлік еңбек нарығының ерекшелігі ескеріліп, тиісінше мемлекеттік қолдау шаралары сараланды. 1 қазандағы жағдай бойынша 715 мыңнан астам адам жаңа, бос және мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына орналастырылды, оның жартысы – жастар», деді вице-премьер.

Премьер-министрдің орынбасары мәлім еткендей, Үкімет жүзеге асырып отырған инвестициялық жоба-



лардың орны ерекше. Мәселен, биыл жалпы сомасы 273 миллиард теңгеден асатын қаржыға 64 жоба жүзеге асырыла бастаған. Соның арқасында 12 мыңнан аса жұмыс орны ашылатыны күтіліп отыр.

«Жалпы, Үкімет өнеркәсіптің түрлі салаларында сапалы және тұрақты

жұмыс орындары ашу үшін алдағы жылдары осындай 800 инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлап отыр», деді Тамара Дүйсенова.

Ол Үкіметте шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту жөнінде кешенді бағдарлама әзірленіп жатқанын атап өтті.

«Бүгінде «таза парақтан реттеу» қағидатын байқап көрдік. Бір жарым жыл ішінде 44 сала бойынша 128 мың талап сарапталды. Оның 9 мыңы жаңа реттеуші саясаттың шарттарына сәйкес келмейді», деп атап өтті вице-премьер.

Оның айтуынша, таяу арада кәсіпкерлер үшін салық органдары алдында есеп беру үрдісі едәуір жеңілдейді. Мәселен, көрсеткіштері нөлге тең болса, құзырлы органдарға есеп беруді міндеттемеу жоспарға алынған. Осы арқылы кәсіп иесінің шоты бұзғатталмайтын болады. Салық органдарына берілетін есептілік 30%-ға қысқармақ. Жоспарлы тексерулер де азаяды.

«Мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру ісі қолға алынды. Бұл қадам бизнесті жоспарлы түрде тексеруді 2 есе азайтуға мүмкіндік береді», деп түйіндеді Тамара Дүйсенова.

«Созақ үні»-ақпарат.



шақтағы арманым» бағытта-рында айта жүрерліктей айту-лы шараға ұласты.

Сонымен қатар, сазды-дү-манды шараға мектеп дирек-торы Байділдаева Алма, мектеп кітапханашысы Әбіло-ва Майра және ауылдың арда-гер ата-әжелері де келіп қаты-сып кештің тартымды да қызықты өтуіне мұрындық болды. Кеш қонақтары Нұрғали Айтқұловтың «Ораза», «Тәуелсіздік», Бауыржан Құл-таевтың «Қаратау», «Мұқағали», Мырзакерімов Әбдісалам-ның «Аңыз дала», «Анама»,

Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті

Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында жиын өтті.

Жиын барысында, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңын және Мемлекет басшысының 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдаманың негізгі бағыттары түсіндіріліп, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша бірқатар мәселелерге тоқталды. Кәсіпорын директорының орынбасары Қ.Мырзалиевтың төрағалығымен өткен жиында, сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір азаматтың міндеті әрі азаматтық парызы екені түсіндірілді. Сонымен қоса, жиынға қатысушыларға қысқаша бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу жайы кеңінен айтылып, ұжым болып күресуге шақырды.

«Созақ үні»-ақпарат.



Айта жүрер айтулы шара

Ауыл ішінде жыр әлемге жарық сыйлап жүретін жыр құмар ақынжанды азаматтар мен арқалы шабытты ақындар қанат жайып келеді. Солардың басын қосып елмен таныстыру әрбір азаматтың парызы. Ал мектеп қабырғасында жүрген оқушыларға осындай азаматтарды ұстаздары таныстырып жатса тіпті ғанибет болады екен. Сарыжаз ауылындағы «Сарыжаз» шағын жинақты орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі Гүлдана Әшірбекованың ұйымдастыруымен жақында ғана білім ордасында «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени ағарту жобасы аясында «Топырақ жыр-торқа жыр» атты шығар-

машылық кеш өтті. Шығармашылық кешке Қаратау ауылдық округінде тұратын ауылдың өнерпаз азаматтары Нұрғали Айтқұлов, Бауыржан Құлтаев, ақын Әбдісалам Мырзакерімов, ауылдың тумасы, жас ақын Наурызбайқызы Нұрайым арнайы шақырылып, кештің қадірлі қонақтары ретінде шараға қатысты.

Мектеп оқушылары ақындардың өлеңдерінен үзінді оқып, көкейлеріндегі жүрген сауалдарын ақын аға-апаларына қойып мәнді де мағыналы жауаптар алды. Гүлдана-ның өзі дайындаған бағдарламасы бойынша кеш «Сыр сұқбат», «Сұрақ-жауап», «Балалық шаққа саяхат», «Бола-

«Туған жер», Ахметова Нұрайымның «Ұстаздарға», «Өмірге» атты оқырмандарға кеңінен танымал көптеген шығармаларын оқушылар жатқа мәнерлеп айтып берді. Сонымен қатар, ұйымдастырушылар кеш қонақтарына мектеп ұжымы атынан сый-сияпат жасап, мерекелік дастархан мәзірін де ұсынуды ұмытпады. Ауыл жұртшылығы мен арнайы шақырылған қонақтар атынан мектеп ұжымына, білікті ұстаз Гүлдана Әшірбековаға шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Жансұлу ҚУАНЫШБАЕВА,
Сарыжаз ауылы.

Түркістан облысы Созақ ауданының әкіміне кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы ақпарат

(2023 жылғы 5 қарашадағы сайлау)

2023 жылғы 10 қазандағы сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
1.	Айдарбеков Ербол Абдәшімұлы	1968	Бөлім басшысы, Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
2.	Абраев Дауржан Джолдашович	1986	Ауылдық округ әкімі, Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округінің әкімшілік аппараты	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
3.	Турысбеков Мухит Сексенбаевич	1967	Аудан әкімі, Созақ ауданы әкімдігі	"AMANAT" партиясының ұсыну тәртібімен

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Ауыл тазалығы-адамзат келбеті

Әлемдегі күрделі экологиялық жағдай бүгінгі күннің өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Адам баласының шаруашылықтағы кез келген әрекетінен шыққан әртүрлі қалдықтар биосфераны ластауда. Бұл халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп-қатер тудырып, флора мен фауна түрлерінің азаюына, қоршаған ортадағы тепе-теңдіктің бұзылуына әсер етуде. Қоқыстар жанған кезде атмосфераға өте көп улы заттар бөлініп, тыныс алу жүйесі аурулары мен репродуктивті және иммундық жүйелердің ауытқуларына әкеп соғуы мүмкін. Аса қауіп төндіретін органикалық зат – диоксиндер. Олардың әсері цианды калийден, стрихниннен және курареден күшті абсолютті у болып есептеледі.

Қоқыс қалдықтары – қоршаған ортаны ластайтын көздердің бірі. Жер бетіндегі зиянды заттардың жинақталған массасы топырақ жамылғысына, өсімдіктерге, жерүсті және жерасты суларына жағымсыз әсерін тигізеді.

Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат ретіндегі құндылығын жояды

Әр мемлекет өз елінің бас қалаларына ерекше көңіл бөледі. Заманауи инфрақұрылым, жаңа ғимараттар мен тұрғын үйлер, балабақшалар мен



мектептер, қызмет көрсету және демалыс орындары-бәрі-бәрі ауылым-ыздың көркін ашатын, мәртебесін арттыратын нысандар болуы шарт. Халық көп шоғырланған мегаполистерде көше, аула, ауа тазалығын сақтау және бір тәулікте тау болып жиналатын қоқыс мәселесі еріксіз алаңдатады.

Қазіргі таңда қоқысты іріктеуді игере алмай жатқан мемлекеттер – дамушы елдер. Мұның түрлі себебі бар, біріншіден тұрмыс қалдықтарын өңдейтін технологияның жолға қойылмауы, қажетті ресурстардың тапшылығы, күнделікті шығатын қалдықтардың үлкен көлемі, сонымен қатар, адамдардың қоқыстан болатын залалдың, экологияға әкелетін қауіпті толық сезінбеуінде. Күнбе-күн қал-

дықтарды қоқыс жәшігіне салмас бұрын көпшілігіміз бұның бәрі қайда кетеді деп ойланбаймыз да. Пакеттерге тамақ қалдықтары, жуынды, қағаз, пластик аралас салынып, толассыз тасталып жатыр.

Адамзат барда ешуақытта таусылмайтын қор – қоқыс. Алайда бұл шараларда үйіліп жатқан қоқыс үйінділерін сұрыптап, жаңа өнім шығаруға әбден мүмкін. Қоқыс саласы бизнес көзіне айналуы үшін қомақты қаражатты, жақсы дайындықты талап етіп тұр. Сондықтан бұл салаға кәсіпкерлік тәжірибесі мен капиталы бар бизнесмендер керек. Ендеше полигондарда үйіліп жатқан қоқыс үйінділерін сұрыптап, жаңа өнім шығаруға әбден мүмкін. Қоқыс саласы бизнес көзіне айналуы үшін қомақты қаражатты, жақсы дайындықты талап етіп тұр. Сондықтан бұл салаға кәсіпкерлік тәжірибесі мен капиталы бар бизнесмендер керек. Алайда бұл шаралар аздақ етеді. Ең бастысы, қазақстандықтар экология мәселесіне назар аудармайтыны қынжылтады. «Мен неге қоқыс жайлы ойлануым керек? Ай сайын коммуналдық төлем төлеп отырмын ғой», дейді тұрғындар. Бірақ, пакетке оңды-солды салынған түрлі санаттағы тұрмыс қалдықтары елді мекеннің шетіне барып үйіліп жатқанынан залал көп келеді. Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат

ретіндегі құндылығын жояды-қағаз өнімдері бүлінеді, бөтелкелер жарылады, жуындымен араласады. Күнделікті шығатын тұрмыс қалдықтарын сұрыптап, арнайы қоқыс жәшіктеріне салу, макулатура, шина мен бөтелкелерді өткізіп, пайда табу әрі қоршаған ортаны қорғау – азаматтық іс.

Ауылымыздың әдемі келбеті, әсіресе тазалығы табалдырығынан басталған халықтың мәдениетімен тығыз байланысты. Қазіргі кезде тұрмыстық қалдықтарды жинау, сақтау, сұрыптау өзекті мәселелер қатарында тұр. Біз кез-келген қалдық заттарды лақтырмастан бұрын оны кәдеге жарата алатынымыз туралы да ойлау керек. Және тағы бір жағы қалдықтарды орнымен тастап, тазалық сақтасақ денсаулығымызға да, ауыл көркіне де жақсы әсер етеді. Орта есеппен әрбір отбасы тәулігіне 1,2-1,4 кг қоқыс шығарады екен. Егерде біз әрбір тастаған қоқысты орнымен тастасақ қалдықтардың шашылуына емес, арнайы жиналатын орындарға жетуіне көмегіміз болып табылады. Қай уақытта болсын өмір сүріп жатқан ауылымызды таза ұстау өз қолымызда. Ендеше әрбір көше, ауламызды күл-қоқыстан таза ұстайық ағайын!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

(Соңы. Басы 3-бетте).

-Жылыжай салу ісін дамытып, аудан халқын көкөніспен жыл бойы тұрақты қамтамасыз ету;

-«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауылшаруашылық саласын дамыту, ол үшін шаруаларға түрлі қолдау қорлары арқылы несиелендіру ісін жандандыру, халықтың тұрмысын арттыру;

-Орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту. Аудан экономикасындағы жалпы өнімде бұл саланың үлес салмағын арттыру;

-Азаматтардың шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысуына, қосалқы шаруашылықты дамытуына қолғабыс жасаймын.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА

-Жұмыссыздық деңгейін төмендету жұмысын жалғастыру. Аудан көлеміндегі өндіріс орындарында жұмыс істейтін аудан жастырының үлес салмағын арттыру;

-Өндіріс орындарында жұмыс жасайтын аудан жастарының еңбекақыларын ҚР тиісті заңнамаларына сәйкес, атқарып отырған жұмыс көлеміне, штат-

тық кестедегі лауазымына сәйкестендіру;

-Аз қамтамасыз етілген отбасылар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, жұмыссыздар мәселесі тұрақты назарда болып мемлекет тарапынан және демеушілер тарту арқылы қолдау көрсету;

-Атаулы әлеуметтік қолдау және шын мәнісінде, зәру жандарға, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасыларға, мүгедектер қоғамына көмек беруді игілікті және ізгілікті мақсаттар барысында тұрақты жүзеге асыру үшін нәтижелі жұмыстар жүргізу;

- Бюджеттен әлеуметтік салаға бөлінетін қаржы көлемін арттыру. Аудан көлеміндегі әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың жұмыспен қамтылуына, кәсіппен шұғылдануына, еңбекке жарамсыз азаматтардың мемлекеттің қамқорлығына алу;

БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДА

-Мұғалімдердің еңбек демалысында санаторийлер мен курорттарда демалуына тиісті салалық кәсіподақтар арқылы жағдай жасау;

-Мұғалімдердің білімін көтеру мақсатында методикалық жұмыс сапасын арт-

тыру, оқудың озат технологияларын енгізу, озат педагогтардың тәжірибелерін насихаттау, кеңінен тарату;

-Өндіріс орындарымен байланыс орната отырып, заманауи үлгідегі диагностикалық аппараттар мен қондырғылар алу, салалар бойынша материалдық-техникалық базасын нығайту;

-Аудан халқының, әсіресе, жастардың саламатты өмір салтын ұстануына, дене шынықтыру мен спортпен айналысуына барлық жағдайды жасау. Әрбір елді мекенде спорт зал салу жөнінде бағдарлама қабылдап, жүзеге асыру.

-Ана мен бала денсаулығына Үкіметтен берілетін дәрі-дәрмектермен, тиісті жеңілдіктермен қажетті мөлшерде қамтылуына жағдай жасау;

-Өскелең ұрпақ арасында діни экстремизмнің, нашақорлықтың таралуының алдын-алу шараларын ұйымдастыру;

-«Созақ ауданы көлеміндегі мәдени-мұра нысандары мен тарихи археологиялық ескерткіштердің мемлекет қорғауына алудың кешенді бағдарламасының жасалуына жасау;

-«Созақ өңірінен шыққан дарынды жастарға (шығармашылық, өнер, ғылым,

спорт т.б. салалар бойынша) қолдау көрсету;

-Салауатты өмір салтын насихаттау, спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында елді мекендерде жабық спорт алаңдарын салу;

-Халықтың рухани және мәдени байлығын арттыру мақсатында елді мекендердегі кітапханалар мен ауылдық клубтардың қызметін арттыру;

Құрметті сайлаушылар!

Біздің еңбек сүйгіш халқымыз үшін ең бастысы тыныштық пен бейбіт өмір. Жаңа қоғамда жаңаша көзқарас, жаңа қажеттіліктер туындап отыратындығы сөзсіз, сондықтан мен Сіздермен біргемін. Халыққа қызмет ету басты міндетім.

Алдағы уақытта еліміздің әлеуметтік экономикалық жағдайы жақсара береді деп сенемін және Сіздерді сол өркендеу жолына атсалысуға шақырамын.

Тәуелсіз Қазақ елінің болашағы жарқын, халқының тұрмысы жоғары, мерейі үстем, бақ-дәулетті болсын! Ел ертеңі қандай болатыны Сіз бен Бізге байланысты. Сіздерді сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге шақырамын.

СОЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР АЙДАРБЕКОВ ЕРБОЛ АБДАШІМҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Созақ ауданының сайлаушылары!

Мен, Айдарбеков Ербол Абдашұлы, 1968 жылдың 21 тамызында Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келдім.

Алматы халық шаруашылығы институтын 1991 жылы экономист мамандығы бойынша бітірдім.

1991 – 1992 ж.ж. «Түркістан – банк» коммерциялық банкінің Кентау қаласындағы бөлімшесінде экономист;

1992-1994 ж.ж. Оңтүстік Қазақстан облыстық Ұлттық Банктің Шолаққорған селосындағы есеп-касса орталығының бастығы;

1994 - 1996 ж.ж. «Тұран банктің» Таукент бөлімшесі меңгерушісінің орынбасары;

1996 - 1997 ж.ж. «Тандем» кіші кәсіпорнының коммерциялық директоры;

1997-1998 ж.ж. Созақ аудандық қаржы бөлімінің бас экономисті;

1998-2001 ж.ж. «Созақ-энерго» ЖШС-де бас есепші;

2001-2005 ж.ж. Созақ аудандық экономика бөлімінің меңгерушісі;

2005-2006 ж.ж. Созақ аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің меңгерушісі;

2006-2007 ж.ж. «Ремонтжсервис» ЖШС-нің жоспарлау бойынша экономисті;

2007-2013 ж.ж. «Ремонтжсервис» ЖШС-нің жоспарлау экономика бөлімінің меңгерушісі;

2013 жылдан бастап осы уақытқа дейін Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы болып қызмет атқарып келемін.

Созақ ауданы тарих пен тағылым мекені, халқымыз үшін қасиетті жер. Осы жердің төл тұма баласы ретінде кіші отанымға қызмет етуді борышым санаймын, оны дамыту жолдарын жақсы білемін. Өндірісті



өлкеміздің болашағы мықты, аграрлы саладағы мүмкіндіктері мол. Сондықтан да, ауданымыздың көркеюі мен абаттануына, тұрғындарының жайлы өмір сүруіне қызмет ету жоспарымды саралай келе, өз кандидатурамды Созақ ауданы әкімі болуға үміткер ретінде ұсынып, бағымды сынауға бекіндім.

Еліміз «Жаңа Қазақстанды» құруға бағыт алды. Халықпен етене араласа жұмыс жасауға үндеген, әділетті еңбек етуді міндеттеген Президент тапсырмаларын негізге ала отырып, білім-білігімді, мемлекеттік қызмет атқара жүріп жинақтаған тәжірибемді ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық ахуалының дамуына пайдалануға бел будым.

Халықтың пікірін назардан тыс қалдырмауға үйренген күнделікті дағдыммен Созақ ауданы әкімі атқаруға тиісті жұмыстарды жете білемін. Сондықтан да, өзекті мәселелердің шешімін табуына бар күш-жігерімді жұмсайтын боламын.

Бұл үшін маған Сіздердің қол-

дауларыңыз керек!

Құрметпен, Айдарбеков Ербол Абдашұлы!

Мені аудан әкімі етіп сайлауға саңыздар:

-Әлеуметтік – экономикалық проблемаларды шешуге;

-Ауылшаруашылық айналымға тартылған жерлердің үлесін арттыруға;

- Ұлттық жобалар бойынша бекітілген «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында жыл сайын 2000-нан аса тұрақты жұмыс орындарын ашуға;

-Агроөнеркәсіптік кешен саласында инвестициялық жобаны жүзеге асыруға;

-Мектептердің материалдық техникалық базасын нығайтуға;

-Саябақтарды, орталық жолдарды көркейту-көгалдандыруға;

-Аудан көлеміндегі елді-мекендерді таза ауыз сумен 100 пайыз қамтуға;

-Ауданды табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесін шешуге;

-Аудан көлеміндегі электр желілерін кезең-кезеңімен жаңартуға;

-Облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың 100 пайыз жаңартылуы мәселесін шешуге ықпал ететін.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, барлық мәселелерді шешу мүмкін емес. Сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

-Аудан жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

-Созақ ауданынан шыққан зиялы қауым, елге еңбегі сіңген тұлғаларды өскелең ұрпаққа насихаттау шараларын ұйымдастыруға;

-Өндіріс орындарының мүмкіндіктерін пайдалану арқылы ауданның ерекшелігін танытатын түрлі көрнекі кескіндермен елді-мекендерді абаттандыруға;

-Ауданымыз бүгінгі таңда облыс көлеміндегі өндірісі өркендеген, аграрлы көшбастаушы аудандардың бірі болып саналатындықтан, жұмыссыздықты мүмкіндігінше азайтып, сонымен қатар аудан аумағында жұмыс жасап жатқан өндіріс орындарына қажетті мамандардың сырттан емес өз ауданымыздың тұрғындарынан тартылуына ықпал етуге күшімді саламын.

-Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы жаңа кәсіптер ашу жұмыстарын ұйымдастыруға;

-«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға, тұрғындармен бірлесіп отырып түрлі шараларды ұйымдастыруға;

-Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, әлеуметтік көмек көрсетуге;

-Отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға, аудан жастарын рухани-патриоттық тәрбиеге баулуға;

-Туристтік объектілер мен киелі орындарды жергілікті тұрғындар арқылы дамыту және туристерді тарихи-мәдени және ауданның көрікті жерлерін таныстыру, қызықтыру арқылы аудан экономикасын көтеруге үлесімді қосамын.

Қымбатты сайлаушылар!

Ауданымыздың ертеңі қандай болатыны Сіз бен Бізге байланысты.

Сіздің даусыңыз – өз жақындарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге шақырамын.

Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!

Мәуліт мерекесі атап өтілді

Өткен аптада Қарақұр ауылындағы Биенді ата мешітінде Пайғамбармыз Мұхаммед (с.ғ.с) ның туылған айында мәуліт мерекесі атап өтілді. Ауыл имамы Бихожаев Әбдуәлі мәулітті ашып беріп тізгінді



аудан имамы Мейрамбек Әбдіқұловқа берді. Мейрамбек Әбдіқұлов Пайғамбар өмірінен насихат айтып жиналған жұрттың жүрегінен жол таба білді. Раң ата аулынан келген Сұлтанбек имамның уағызы да көпшілік көңілінен шықты. Мерекеде жастар арасында құран оқудан және турникке

тартылудан жарыс өтті. Мерекеге орай ауылымыздағы әлеуметтік аз қамтамасыз етілген жанұяларға арнайы сыйлықтар табысталды. Мәулітті өткізуге ауылдан шыққан жан-жақтағы азаматтар және ауылдағы сауап іздеген жандар ат салысты. Олардың жанұясына Алла Тағала амандық, татулық және береке берсін деп тілейміз.

«Созақ үні»-ақпарат.

Адамға қанша жер керек?



Орыс жазушысы Лев Толстойдың «Адамға қанша жер керек?» деген хикаяттың оқыған шығарсыздар. Сол хикаятта адам баласының игілігінен асып, тойымсыздықпен, аш көздікпен жерге қырыққандардың түбі қандай болатынын баяндайды. Ал бүгінгі біздің қоғамда қажет пе, қажетсіз бе, иегере алады ма, игеруге шамасы жоқ па, әйтеуір жер ала берсем деген пиғыл басым. Кейінгі жылдарда еліміздің агро-өнеркәсіп кешеніне аз қаражат бөлініп жатқан жоқ. Әрине, үкімет тарапынан біраз реформалық қадамдар жасалып жатыр. Дегенмен ауыл шаруашылығы саласының барлық түйткілі шешіліп, жағдайы жақсарып кетті деп айтуға әлі ерте. Қазірде айналада болып жатқан геосаяси тұрақсыздық әрбір тұрғынды алаңдатады. Осындай жағдайда азық-түлік бағасының қымбаттауы, оның сапасының төмендеуі халықтың тұрмысы мен денсаулығына да әсер етеді.

Елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың түпкі мақсаты—халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әр жылдары Жолдауда айтуындай-ақ айтып келеді. Ауыл шаруашылығы саласын көтерудің бір тетігі—жердің (топырақтың) құнарлылығын арттырып, өңірлерде тиімді пайдалануды дұрыс ұйымдастыру. Тәжірибелі маман ретінде аталған мәселеге қатысты кейбір ойларымды ортаға салғым келіп отыр.

Жердің құнарлылығын сақтап, тиімді пайдалану үшін біріншіден ұлттық намысты ояту керек. Жеріміз үлкен болған соң, оны тиісінше қадірлеп, көп жағдайда ретті әрі өнімді пайдаланып жүрген жоқпыз. Бізде де жерге, Жер-Анаға осындай көзқарас іс жүзінде қалыптасуы керек, сонда ғана жерге деген қатынас өзгереді.

Елімізде жер ресурсы үлкен (272,5 млн га), оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 100 миллион гектардан асады. Жер көлемі жағынан дүние жүзіндегі он ірі елдің қатарына кіреміз. Алайда аз ғана халқымызды сол жерден алынған өнімге келгенде, азық-түлік тауарларымен толық және арзан бағамен қамтамасыз ете алмай отырғанымыз қынжылтады. Жерді пайдалануға келгенде шорқақпыз. Әрине, барлық жерде ондай емес, оңтүстік өңірлерде жерге деген ықылас өзгеше.

Тәуелсіздік алғаннан бері ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласында көптеген өзгеріс болды. Әрбір министр өз реформасымен келді деуге болады. Бірақ нәтижелері айтарлықтай емес, оған сала басшыларының жиі ауысуының да әсер еткенін жасырмау керек. Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығы саясатында орнықтылық болмады.

Өткен ғасырдың 90-жылдары басында жүргізілген жер реформасы барысында қабылданған заңға сәйкес көптеген іс-шара жүзеге асырылды. Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитет (Мемжерком) құрылды. Осы кезде жер саласының жұмыстарын

ұйымдастыратын және басқаратын бірыңғай жүйе қалыптастырылды. Бұл уақытында үлкен жаңалық болды және жер саласына көптеген оң өзгеріс әкелгенін айтуымыз керек. Соңғы кездегі жерді пайдаланудағы келеңсіздік негізінен жаңадан құрылған шаруашылық түрлерінің, шаруа қожалықтарының жобалануы мен жерге орналастырудың және негіздеудің нашарлығынан деп ойлаймын. Жер саласын ауыл шаруашылығымен, оның алдында құрылыспен немесе қалаларда сәулет, қала құрылыс органдарымен, соңғы жылдары халыққа қызмет көрсету орталықтарымен қосу жерге орналастыру саласын, жер кадастры мен жер мониторингін жоқ қылды деуге болады.

Жер саласындағы бітпейтін жемқорлық пен келеңсіздіктердің, учаскелердің нысаналы мақсатты пайдалану санатын заңсыз өзгертіп, бөлшектеп сату (оның ішінде суармалы жерлерді), миллиондаған гектар жердің өз мақсатында пайдаланылмай жатқаны, ауылдардың төңірегінде жайылымдардың жетіспеуі, жердің көп бөлігінің деградацияға, су немесе жел эрозиясына ұшырауы, шөлденуі, құнарсыздануы, елді мекендердің жаңбыр суына шайылып кетуі, т.с.с. — жер учаскесін берген кезде негізделген жерге орналастырудың болмауы, жердің нысаналы пайдалануының нақты жоспарының әзірленбеуі, жарты ғасырдан астам тарихы бар жер саласының жойылуы, жер кадастры (әсіресе ауыл шаруашылығы жерлерінің сапалық көрсеткіштерінің) деректерінің нашарлауы — жер учаскесінің ауданын жайылым немесе егістік үшін пайдалануға жобаланғанда жерді бедеріне (рельефке) және топырақ ерекшеліктеріне байланысты негіздеудің жеткіліксіздігінен орын алған келеңсіздіктер. Сондай-ақ соңғы жылдарғы жер саласы мамандарын даярлау ісінің құлдырап кетуі, бар мамандардың тәжірибесінің аздығы да қосымша себеп болып отыр.

Ешкім халыққа қызмет көрсету саласын жетілдіруге, оны сандық платформаларға ауыстыруға, жұмыстарын автоматтандыруға қарсы емес. Ол—заман талабы, дегенмен осы жолда жерге орналастыру жүйесінің, жер кадастрының (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің топырағын картаға түсіру, құнарлылығын анықтау, жайылымдар мен шабындықтарға геоботаникалық іздестіру жұмыстарын, жер мониторингін жүргізу) басқа салаға қосылуы жер саласының маңызын төмендетті, материалдық жағын нашарлатты, ол өз кезегінде далалық жұмыстардың сапасын әлсіретті. бұл да әсер етті.

Дегенмен жер реформасының алғашқы жылдарында жер қатынастары саласында қыруар жұмыс атқарылды. Жер саласы нарық жағдайына ыңғайландырылды. Жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға жерге құқық беретін құжаттар (актілер) берілді, олардың құқықтары қолданыстағы заңға сәйкес рәсімделді. Бұрынғы кеңестік шаруашылықтар таратылды. Бұл үрдісте

қателіктер болды. Кеңестік ірі шаруашылықтардың таратылуы ауылдардағы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне кері әсер етті. Таратылған шаруашылықтарда жер үлестеріне құқықтары бар азаматтардың жер үлестері айқындалып, оларға тиісті куәліктер берілді. Бұл көптеген шаруа (фермер) қожалығын құруға негіз болды. Жаңадан ұйымдастырылған шаруа қожалықтарына жерге орналастыру жобалары әзірленіп, бюджет есебінен жерге құқық беретін құжаттар (актілер) берілді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру кезінде кейбір кемшіліктердің орын алғаны белгілі. Жалпы алғанда, жерді тиімді пайдалану үшін шағын шаруашылықтар іріленгені, кооперативтерге біріккені дұрыс екенін уақыт көрсетіп отыр. Бұл үдеріс шаруалардың өз еркімен жүргізілуі керек, ал Үкімет тарапынан ынталандыру шаралары ұйымдастырылғаны жөн.

Жерге орналастыру саласы және оның кәсіпорындары (жобалау институты, оның облыстық бөлімшелері, ғылыми-өндірістік орталығы) жер реформасын жүзеге асырудың алғашқы жылдары елеулі жұмыс атқарғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Ол кездегі мамандардың көбінің тәжірибелі және білім деңгейінің жоғары болғанын айтуымыз керек. Қазірде осы салада мамандар көп болғанымен, көбісінің күрделі жоба әзірлеуде тәжірибесі аз. Мамандардың кәсіби дәрежесін көтеру оқуларының жүргізілмегеніне көп жыл болды, ондай дәстүр ұмытылып барады.

Кейінгі жылдары жергілікті тұрғындардың малына өрістің, екіншісінде—шабындық жердің, үшінші ауылда—кейбір шаруаларға егістікке жердің жетпей отырғанын, ал сонымен бірге сәл алысырақтағы миллиондаған гектар жердің көп жылдан бері пайдаланылмай жатқанын жер қатынастары саласының қазіргі жағдайымен, жер қатынастарын жоспарлаудың нашарлығымен түсіндіруге болады. Мұның ауыл шаруашылығының жағдайына әсер ететіні сөзсіз. Кейінгі жылдары жерді тиімді пайдалану жан-жақты зерделенген жобамен толық қамтамасыз етілмейтіндігі, жер учаскесі (әсіресе ауыл шаруашылығы жері) көп жағдайда жердің табиғи ерекшеліктері ескерілмей, конкурстық негізде берілетіндігі бұрынғы мамандардың жанын ауыртады.

Кезінде жерге орналастыруды жобалау кәсіпорындарының жер кадастры, жылжымайтын мүлік, зейнетақы беру орталықтарымен біріктіріліп, коммерциялық емес акционерлік қоғам болып құрылуы жер саласының мамандандырылған кәсіпорындарының әлсіреуіне алып келді. Ешкім халыққа қызмет көрсету орталықтарының тұрғындарға тез және сапалы қызмет көрсетуіне қарсы емес. Алайда құзыреті, міндеті және қызметі басқа түрлі саланы, олардың жұмыс ерекшеліктерін ескермей, бір мекемеге біріктіру үлкен қателік болды. Жер саласының көптеген қызметі бәсекелестік ортаға берілгенімен, онымен шұғылданушы мамандар жұмысты жүйелі игеріп кете алмады. Бұл да саланың

құлдырауына әсер етті. Жер учаскелеріне тиісті құжаттарды дайындауды және әртүрлі кадастрлық ақпаратты беруді жерге орналастыру саласын бұзбай-ақ, халыққа қызмет көрсету орталықтарында бір-екі терезеге қажетті мамандарды (немесе операторды) отырғызып ұйымдастыруға болатын еді.

Аталған жұмысқа жер саласында еңбек еткен тәжірибелі мамандарды да тартқан жөн.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі ауыл шаруашылығының дамуына, жердің пайдалану деңгейіне, топырақтың құнарлылығын сақтауға, егістік жерден немесе жайылымнан алынатын өнімнің көлеміне әсерін тигізеді. Кейінгі 15-20 жылда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығы көп өңірлерде жыл сайын төмендеп келеді. Кейбір дерек бойынша топырақтың қарашірігі (гумус) 40-45% азайғаны жөнінде ғалымдар дабыл қағуда. Егістік жерлерді ұзақ уақыт минералдық және органикалық тыңайтқышсыз пайдалану бір жылдары өнімнің күрт төмендеуіне әкеліп соғуы әбден мүмкін. Елде минералдық тыңайтқыштарға субсидия берілгенімен, оның пайдалану көлемі өте аз. Көптеген орта және шағын шаруа қожалықтарының тыңайтқыш алуға шамасы жетпейді.

Сонымен қатар бүкіл дүниежүзінде топырақтың шөлденуі үдерісі күшеюде. Аридтік аумақта орналасқан Қазақстан үшін бұл қауіпті. Әрі елдің су ресурстары да азайып келеді, оның мөлшері жаз айларында көрші мемлекеттерге тәуелді, бұл да суармалы жерлер көлемінің артуына кедергі.

Жердің кадастрлық бағасын Үкімет топырақтың бонитетінің балы арқылы есептеп бекітеді. Бұл нарықтық құрал емес, дегенмен көптеген есепте, оның ішінде жер салықтары мен төлемдерін есептеуге пайдаланылады. Топырақтың құнарлылығының бонитеттік көрсеткіші (балы) шаруашылықтардың топырақ карталарының мәліметтері бойынша анықталады. Еліміздегі әртүрлі топырақтардың кадастрлық бағаларының қайта есептелмегеніне отыз жылдан астам уақыт өтті. Көрсеткіштері ескірген, заман талабына сай келмейді.

Осы мәселелерді тезірек шешу үшін, ең алдымен жиырма жылдан астам уақытта жүздеген түзету мен өзгеріс енгізіліп, қырық жамау болған Жер кодексінің қайта қарау керек. Қолданыстағы Кодекстің заңнамалық мазмұны бүгінгі күннің сұранысына сай келмейді.

Сонымен қатар, жерді игере алатын, жердің, судың қадірін білетін, шаруа адамына берген жөн. Бір адамға ауылдың барлық жерін бере салып, ол адам елдің игілігіне емес, тек өз пайдасына жұмыс жасайтын болса елдің наразылығына ұшырауы мүмкін. Бүкіл ауылдың үміті мен жағдайы саналатын жайылымдық жерін қысып, өзге ауылдастарының әлеуметтік жағдайларына нұқсаны тиері анық. Сондықтан да «адамға қанша жер керек!»—деген әфсана ұдайы санаңызда тұрсын.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сонау сұрапыл соғыс жылдарының алдында Тұрсын дүние есігін ашады. Ол 1939 жылдың 3 ақпаны еді. Кәдімгі арқырап тұрған қыс айында туылды. Қаһарлы қыстың күні Әлтайдың отбасына қуаныш нұры құйылды.

Қыстауда сиыр бағып отыратын әкесі перзенті өмірге келгеніне қатты қуанды. Көршілерінен шүйінші сұрап, шаттықтан төбесі көкке бір елі жетпей қалды.

Жас жеткіншек 1948 жылы Шолаққорған ауылындағы Калинин атындағы 7 жылдық мектепке барып, аталған білім ұясын 1954 жылы бітіріп шықты. Соғыстың қайнап жатқан уақытында Әлтай колхоз сиырын бақты. Тұрсын соғыстан кейінгі жылдары әкесіне барып көмектесетін. Мектеп бітірген жылы әкесі қартайған соң оған қолқабыс жасап, сиыр ауылда қалды.

Бозбала колхозға мүше болып кірді. Қатардағы қарапайым жұмысшы ретінде колхозға жем-шөп дай-

де келе салысымен көшеміз дейтін. Алғашында қазіргідей техника жоқ. Түйеге жүк артып аламыз да көшіп жүре береміз. Сол уақытта қораны да сексауылдан өріп жасайтын. Малды сонда қыстатамыз. Қазіргідей ол кезде водовоз қайда. Қыста көлеңке беттің қарын ерітіп, ауыз суға пайдаланатын едік. Қазанды толтырып ерітіп аламыз. Кір-қоңымызды да сол суға жуамыз.

Киіз үй бір-ақ қабат болатын. Түнімен пешке сексеуіл жағып шығамын. Ортада темір пеш тұрады. Кейде көң қалап қоямын. Соның жылуымен бойымыз жылынады. Екі қайным әскерге кетіп, отарды көкең екеуіміз жайған кездер де болды.

Қазіргі жастарға сондай бейнетті бастан кешкенімді айтсам сенбейді ғой. Еңбек ете жүріп, он үш құрсақ көтердім. Қазір соның тоғызы үйлі-жайлы болып, қызықтарына бөлеп отыр. Ұлдарымды ұяға, қыздарымды қияға қондырдым. Немерелерім шаңырақ көтеріп, шөбере сүйіп



дым. Бұл түлікті де өз дәрежесінде бағып, шаруамды ойдағыдай атқардым. 1958 жылы «Комсомолдың үздігі» белгісін жасаған еңбегіме қарай өңіріме қададым. 1964 жылы Алматы қаласында өткен республикалық озат малшылар слетіне қатысып, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін және қаржылай сыйлықпен марапатталдым. Осы жылы партия қатарына өттім. Келесі жылы Шымкент қаласында өткен малшылар слетінде «Комсомол елпіндісі» медалін иелендім. Сонымен қатар «Қой шаруашылығының шебері» атағына қол жеткіздім.

Кейін Калинин кеңшарында жылқышы болдым. Жылқыны аман сақтау, шаруашылыққа қымыз өткізу жоспарларын асыра орындап жүрдім. Бұл еңбектерім үшін «Лениннің туғанына 100 жыл», медалімен және бірнеше мемлекеттік награда алдым. «Еңбек Қызыл Ту» ордені де өткен еңбегіме берілген баға деп есептеймін.

Қарапайым кәсіппен елге танылған...

ындау ісіне кірісті. Ат арбамен шөп тасып, қол орақпен шөп оруды науқанына қатысып, еңбек көрігін қыздырды. Қысты күндері Қарақұмда Батырбайдан түйе керуен жасап, қол күшімен тұз тасыған.

1957 жылы Калинин атындағы колхоз совхоз болып құрылды. Сол жылы Тұрсын Гүлзада есімді арумен көңіл қосып, шаңырақ көтерді. Отбасылы болған ол комсомол жастар ұйымының жолдамасымен аталған ұжымшардың бірінші фермасына шопан болып қабылданып, бір отар тұсақ қойды қабылдап алды. Ферма меңгерушісі Омарбек Анарбеков, ұжымшар директоры Қаратай Көшкінов талапты жасты құшақ жая қарсы алды. Қазан айының аяғында қойды қолдан ұрықтандыруға төменгі Қарасуанға пунктке келіп қонды. Тұрсынның өзі ұрықтандырушылық қызметті қоса атқарды. Күзгі күйекке күйлі түскен отар, күйектен түгелдей өтті. Ендігі жерде аға шопанға қыстауды анықтау қалды. Жас шопанға көп ойланып, малдың ыңғайына қарай шұрайлы қыстауды таңдау жолы тұрды. Ол қыстауды таңдаудан жаңылысқан жоқ. Мал отарын Қаражал қыстауына алып барып қондырды. Құмда шөп бітік екен. Күйектен шыққан мал тез арада дөңгеленіп, қоң жинап алды. Тәжірибелі шопандардан үйрене жүріп, Тұрсын ата кәсіпке қалыптаса бастады. Қыстаудан отары қоңды болып шықты. Көктемгі төл қораға барған кезде қойлары қоңын жоғалтқан жоқ.

Осы арада Күлзада апам әңгімеге араласты: - Ол кезде қарағым, біз бейнетті көп көрдік. Қысы-жазы көшіп жүреміз. Жайлымның оты азайса, келесі жерге табан астында қоныс аударатынбыз. Атамыз шаруа кісі еді. Екі-үш күн бұрын барып көшетін жерді тауып келеді

отырған жайым бар. Біздердің көрген бейнетімізді кейінгі жастар көрмей-ақ қойсын. Жақсылықты да көріп келеміз. Өмірлік жолдасым екеуіміз оның барлығын бастан өткердік емес пе?

Қазіргі жастарға тек қана еңбек ету керек. Еңбек етемін деген адамға жұмыс жетерлік. Тек оған ниет болса болғаны. Сол біздің жастық шағымызда көрген бейнетіміздің бұл күндері қызығын көрудеміз. Оған да шүкірлік етеміз. Кеше ғана бір немерем үйленіп, отбасымызға бір кісі

қосылды. Бұл да үлкен қуаныш деп есептеймін,- деді апам қуанышын біздермен бөлісіп.

Тұрсын Әлтаев ұзақ жылғы шопандық кәсібінде өткен күндерге көз жүгіртіп: -1958 жылғы көктемде 100 саулықтан 110-нан қозы алсам, 1958 жылы 100 саулыққа 115 тен қозы өргіздім, сондай-ақ одан кейінгі жылдары 110 мен-182 ден қозы алып жүрдім.

Кейін денсаулығым байланысты саулық қойды өткізіп, бірінші фермадан қошқар отарын қабылдап ал-

Шаруашылықта еңбек еткен жылдары төрт түліктің барлығын да бақтым. Түлік төресі түйені де біраз жылдар айналдырдым. Оны да өз төлі есебінен көбейтумен бірге етін, сүтін дайындаудан кеңшардағы маңдай алды озат түйешісі болдым. Бұл түлікті бағудың да өзіндік қиындықтары бар. Солардың барлығына еңбекқорлықпен, шыдамдылықпен қарап, үдесінен шыға білдім.

Жалпы, еңбек еткен адамға қай істің болмасын өзіндік қиындығы мен қызығы болады. Оны маңдай терді моншақтатқан уақытта сезінеді екенсің. Жаздың аптапты ыстығында желдің өтінде, күннің ыстығында жүру әрине оңай емес. Десе де бұл кәсіпке жастайымнан бейімделген соң сол зейнеткерлікке шыққанша қол үзгенім жоқ. Еңбегімнің арқасында құрметке де бөлендім. Бала-шағамды асырадым. Абырой биігіне көтерілдім.

Калинин ұжымшары кейін Қожанов ұжымшарына айналды. Осы ұжымшарда әртүрлі жұмыстар атқарып, 1995 жылы зейнеткерлікке шықтым.

Қазір 85 жасқа иек артып отырған жағдайым бар. Кемпірім менен бір-ақ жас кіші. Өмірдің ыстығы мен суығын бірге көріп келеміз.

Кәрілік шығар денсаулығымыз ептеп сыр беріп жүр. Немерешөберелердің үнін естігенде сырқаттан жазылып кетеміз,- деді байырғы шопан, еңбек ардагері.

Отбасының шаттығына бөленіп отырған Тұрсын мен Күлзада еңбектерінің зейнетін көріп, үрім-бұтағының қуанышына шын жүректен риза болып отыр.

Ұзақ ғұмыр жасай беріңіздер, еңбек ардагерлері!

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



БЖЗҚ Инвестициялық кіріс- 493,4 млрд теңге

2023 жылғы қаңтар-мамыр аралығында БЖЗҚ салымшыларының шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс 493,4 млрд теңгеге жетті. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік соңғы 12 айда

11,56% көрсетті.

Инвестициялық кіріс бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. жинақталады. ҚРҰБ және инвестициялық портфельді (ИПБ) басқарушылар инвестициялық кіріс алу мақсатында зейнетақы активтерін ҚР және шетелдік экономиканың сан алуан секторларының сенімді қаржы құралдарына

түрлі валюталарда орналас-тырады. Осындай әртарап-тандыру есебінен тұрақты инвестициялық кірістілік қамтамасыз етіледі. ҚР ҰБ қаржы құралдары бөлінісіндегі БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі құрылымының 29% – АҚШ долларымен, 71% – ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарының еншісінде.

Зейнетақы жинақтары – ұзақ мерзімді инвестиция. Сәйкесінше, инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде 1 (бір) жыл кезеңіне талдаған жөн. Қысқа мерзімді деректер

(күнделікті, айлық және т.б.) көрсеткіш бола алмайды, өйткені, олар күнделікті нарықтық жағдайға тәуелді.

Барлық кезең ішінде жинақталған инвестициялық кірістілік жинақталған инфляция 715,41% болғанда, өске-лең жиынтықпен 759,72% көрсетті. Демек, ұзақ мерзімді перспективада жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекет

тарапынан бірегей кепілдік бар. Төлем құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңдер ішіндегі кірістіліктің төмендеуі үшін айырманың өтелуіне де мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есеп-алудың бүкіл жүйесі ашық; әрбір салымшы өнрф.kz сайтындағы Жеке кабинетінде немесе ұялы қосымша-даөзінің инвестициялық та-бысын көре алады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сақтық шараларын ескерген жөн

Далалық орман өрттері уақыттың кез келген сәтінде қауіпті. Біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Және оны көзіміздің қарашығындай сақтай білу азаматтық парызымыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер аңаның сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянаттымыз. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат анамыздың алдындағы үлкен парызымыздың орындалғаны болар еді. Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

Талғат САДУОВ,
Созақ орман шаруашылығының орманшысы.

Орман алқаптарын өрттен қорғайық!

Өзендер мен тоғандар, көлеңкелі тоғайлар кең даланың қайталанбайтын көркі кімді болса да қызықтыратыны сөзсіз. Табиғатта ламақ пісіріп, қауап дайындап, тіпті түнгі қараңғылықта жанған оттың бойында өткіземіз. Өрт шалған орман, тоғайдың қайтадан қалпына келуіне ондаған жылдар керек, көптеген жылдар бойы адамдар табиғатты қорғаумен айналысып келеді. Бірақ, бір күнгі қызыққа бола адамдардың жеңілтек мінезінен, туған табиғатқа немқұрайлықпен қарау салдарынан көптеген орман тоғайлар өртке шалдығып, күлге айналып кете барады.

Жалпы, орманды жерлердегі өрт қауіпі сәуір қараша айының аралығында өте қауіпті. Себебі, күннің шамадан тыс ыстық болуы, өсімдіктердің құрауы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауының соңы алапат өртке ұрындырады. Бұл өз кезегінде табиғат анаға залал келтіріп, ондағы өсімдіктердің, аң құстардың жоюлуына алып келеді. Бүгінде орманды жерлердегі өрттің алдын-алу, ондағы аң құстарды аялап, браконьерлерден қорғау ауданында аудандық орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тиісті шараларды атқарып келеді.

Н.МҰҚЫМБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Қазіргі уақытта, әсіресе күздің қабағы салыңқы күндері көптеген жеке азаматтар ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер аңаның сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді.

Ә.ДАУЫЛБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Жарамсыз деп танылсын

Жузбаева Сандугаш Касымхановнаның иелігіндегі 2000 жылы шығарылған «Subaru Outback» маркалы автокөлігінің «KZ 843 APN/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жарамсыз деп танылсын

06.09.2023 жылы нотариус Кудайбергенов Батырханмен азамат Касимов Икрамжан Арыстановичтің атына рәсімделген № 19-297-037-630 кадастрлы тұрғын үйді сату-сатып алу туралы келісім шартының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Жарамсыз деп танылсын

Нуржанбаев Асхат Осимхановичтің атына берілген көлік жүргізу куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Мұрагерлік іс ашылды

Мұралық іс ашылды. 19 қыркүйек 2023 жылы қайтыс болған азамат Жүнісбеков Төркеддіден мұраға қалған мүлікке мұралық іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан облысы нотариаттық округінің нотариусы Нәліжігітов Алтай Оңғарұлына Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №20 үй, 1 ғимарат бойынша хабарласуды сұраймын.

Нотариус: А.О.Нәліжігітов.

ХАБАРЛАНДЫРУ

27/11/2023 14:00 “Оңтүстік Инкай “кенішінің ҚТҚ полигонын қалпына келтіру және консервациялау жобасы” жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлаймыз. Тыңдаулар Түркістан облысы, Созақ ауданы, А. А. Қыземшек ауылы, Тайкөне ауылы, Түркістан ауданы Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің “Мыңжылқы” мәдениет сарайы жанындағы Демур клубы, Тұлпар көшесі нөмірсіз 1 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдаушылар “Оңтүстік тау-кен-химия компаниясы “бірлескен кәсіпорны” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 140840001183, “Оңтүстік Инкай” кенішінде жауапты орындаушы Ергешов Әлішер Анаваровичпен алдын ала келісім бойынша жобалық құжаттармен таныса алады. Байланыс телефоны 87021505545 немесе “Актинско-СКБ” ЖШС әзірлеуші кәсіпорны, Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Бұдан басқа, жобалау материалдары уәкілетті органның порталында орналастырылған:

<https://ecoportal.kz>
<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru>

Бейнеконференцияға сілтеме:
<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Жұртшылық өкілдері өз пікірлерін білдіре алады, ұсыныстарымен, ескертулерімен бөлісе алады және тыңдаулар басталғанға дейін оларды Тапсырыс берушінің электрондық поштасына жібере алады: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. құрметпен, “ЮГХК” БК” ЖШС. Тел.+7/7252/99-73-93
“ЮГХК” БК “ ЖШС.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что 27/11/2023 14:00 Состоятся общественные слушания по проекту «Проект рекультивации и консервации полигона ТБО рудника «Южный Инкай». Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайкөне, Клуб Демур при Дворце культуры Мынжылқы отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта акимата Сузакского района Туркестанской, ул. Тұлпар здание номер 1 без номера.

Слушатели смогут ознакомиться с проектными документами ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ “ЮЖНАЯ ГОРНО-ХИМИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ”, БИН: 140840001183, на Руднике «Южный Инкай» по предварительному согласованию с ответственным исполнителем Ергешов Алишер Анаварович. Контактный телефон 87021505545 или предприятием разработчиком ТОО «Актинско-СКБ», Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Кроме этого, проектные материалы размещены на портале уполномоченного органа: <https://ecoportal.kz>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru>

Ссылка на видеоконференцию:
<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Представители общественности смогут выразить свое мнение, поделиться предложениями, замечаниями и отправить их до начала слушаний на электронную почту Заказчика: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. С уважением, ТОО “СП “ЮГХК”. Тел. +7/7252/99-73-93
ТОО “СП “ЮГХК”.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

2023 жылдың 13 сәуірінде Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының № 137 бұйрығымен Ауыл шаруашылығы жмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидалары, сондай-ақ Көктемгі егіс және егін жинау жмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидалары (бұдан әрі - Бұйрық) бекітілді.
Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне

күзгі дала жмыстарына дизель отынын белгіленген операторлар тарапынан агроқрылымдарға таратуды <https://bpm.gosagro.kz/auth/login> ақпараттық жүйеге кіру электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дизель отынын жеткізуші оператор «Ай Бегім» ЖШС, сот: 8-775-993-94-95- Жеңісхаларласып аласыздар.

Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны-87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Балаларды қараусыз қалдырмайық!

Баланың аты-бала. Жетіге келгенше жерден таяқ жеп, көп ұрынатын баланың қауіпсіздігі үшін қай ата-ананың жүрегі ауырмасын?! Жазым деген аяқ астында, абай болмаса, іс-қимылы жылдам баланың соқтықпайтыны жоқ. Күні бойы үйде болсаңыз да бала қауіпсіздігіне арналған бірнеше кеңесті назарда ұстауға тиіссіз. Әйтпесе...

Әйтпесе, өкінішті жағдайға ұласары анық. Ал оны ешкім де қаламайды.

Терезеден құлау балалардың жарақаттануы мен қаза болуының негізгі себептерінің бірі болып табылады, әсіресе қалаларда. Жаратылысынан бәрін білуге құштарлығына байланысты балалар ашық терезеге өте осал. Балалардың терезеден құлап кетуіне байланысты апаттың алдын алу үшін, келесі ережелерді сақтау керек:

Үй терезесі
Пәтердегі терезелерді ашу және үй-жайды желдетер кезде, баланың қараусыз қалмағанына көз жеткізіңіз.

Мүмкіндігінше, терезелерді (желдеткіштерді) төменнен емес, жоғарыдан ашыңыз.

Бала терезені өз бетінше аша алмайтындай етіп терезелерге блокираторлар (арнайы бекіткіштер) орнатыңыз.

Баланың балконға ересектердің қараусыз шығуына жол бермеңіз.

Ұйықтап жатқан баланы ешқашан пәтерде жалғыз қалдырмаңыз. Бала оянып, ашық терезенің тақтайшасына шығып кетуі мүмкін.

Тесекті қоса алғанда, барлық жиһаздарды терезе алдынан жылжытыңыз. Бұл баланың терезе алды тақтайшасына кездейсоқ шығуына жол бермейді.

Балаға терезе қалай ашылатынын көрсетпеңіз. Терезені өз бетінше ашуды қаншалықты кеш үйренсе, оның пәтерде болуы соғұрлым қауіпсіз болады.

Балаға терезеден немесе балконнан көшеге қарау үшін орындықты немесе басқа құрылғыны аяғының астына қоюды үйретпеңіз. Кейіннен, осылай әрекет ете отырып, сыртқа ұмсына қарау нәтижесінде терезеден (балконнан) құлап кетуі мүмкін.

Москит торлары көп қауіп төндіреді:

- Бала алда қандай да бір кедергіні көреді, оған сенімді сүйенеді, нәтижесінде ең кішкентай бір жасар баланың салмағына арналмаған тормен бірге құлап кетуі мүмкін.

- Егер 5-7 жастағы бала пәтерде жалғыз қалудан қорқатын болса, оны тіпті аз мерзімге де жалғыз қалдыр-

маңыз. Көбінесе балалар қорқыныш сезініп, ата-аналарын көру үшін терезеден немесе балконнан қарайды, нәтижесінде бала құлап кетуі мүмкін.

Балалардың денсаулығын бірге сақтайық!

Ас үйдегі плита
Барлық табалардың тұтқаларын плитаның артқы жағына қарай бұрып қойыңыз.

Плитаны қосқанда шамын жағып қойыңыз және баланы да осыған сендіріңіз. Қосылған шамды қолмен ұстауға болмайтындығын ескертіңіз. Плита суымайынша шамды өшірмеңіз.

Плитаның тұтқасын алып тастаңыз, егер жасай алсаңыз оны бала өзі бұрамау үшін желімтек лентамен жауып тастаңыз.

Балалардың көзінше тамақты дайындағанда ылғи да таймерді қолданыңыз. Балалар көңіліңізді аударып, сіз ұмытып кетуіңіз мүмкін. Нәтижесінде ас күйіп кетеді, өрт шығып кету қауіпі бар.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.
Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Созақ спорты Теріскей жұртын шартарапқа паш етіп, абыройын асқақтатып жүрген құндылықтарымыздың бірі де бірегейі. Тек, Олимпиада чемпионы шықпады демеуіңіз, сонау Кеңес заманынан бергі 100 жылдықта Созақтан берісі облыс пен Республика, арысы Азия, Еуропа және Әлем чемпионатының қаншалық қала мен күміс және алтын медаль иелері шыққан. Тіпті, араларында бірнеше дүркін Республика, Азия мен Еуропа және Әлем чемпиондары да бар. Бұл тұрғыда біз, созақтықтар қалай мақтансақ та жарасады. Қазір олардың атын атап, түсін түстеп отыруға болар еді, тек, бұл оқырмандарымыздың уақыты мен газеттің біраз беттерін алғалы тұр. Мұны енді, Созақ спортының құрылып, жұмыс жасағанына бәлен жыл толған мерейлі мереке еншісіне қалдырайын! Ал, бүгінгі мақаламды сол, Созақ спортының чемпиондарын ел ішінен танып, таңдап алып, залдарға әкел осы бір ерекше өнерге баулып жүрген майталман мамандардың бірі де біре-



зақ спортына келгеніне де 40 жыл толады екен, бұйыртың! Өзі, бұл өмірде әрнәрсенің бір есебі болады ғой. Бұл дүниенің де о дүниенің де. Міне, сондай есеп 2007 жылға дейін жаттықтырушы, 2008 жылға дейін бір жыл әдіскер, мұнан соң 2018 жылға дейін аудандық БЖСМ-нің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2018 жылдан бері директор қызметін абыроймен атқарып келе жатқан Айтөре ағайымыз бен барша спорт сүйер аудан жұртшылығының арасында да орын алды. Нақтырақ айтсам, 2023 жыл, 4 қазан күнгі өзінің 60 жылдық мерейлі мерекесінде Айтөре Беркінбайұлы Байғараев аудан, облыс халқына сауын айтып, Қазақ күресінен 2009-2011 жылы туылған жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир өткізді. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісінің, және «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай» медалінің иегері Айтөре

Арда спортшы, Айтөре ағайымыз 60 жаста

гейі, Айтөре Беркінбайұлы Байғараевқа арнамақпын.

Шолақорғандай шырайлы шаһарда 1963 жылдың 4 қазан күні дүниеге есігін ашып, 1971 жылы Калинин атындағы мектептің 1 сыныбына барып, 4-10 сыныпты Ә.Молдағұлова атындағы мектепте тәмамдап, Шымкент қаласындағы педагогикалық институттың спорт факультетін 1982-1986 жылдар аралығында оқып, бітіріп, сол жылы Созақ аудандық БЖСМ-не еркін және қазақша күрестен жаттықтырушы боп келген жас маман, Айтөре Байғараевтың ең алғашқы шәкірттері біз болдық. Біз болдық деп отырғаным, Шолақорған ауылының 1974 жылғы жігіттері. Мен өзім ауданымыздың спорт, оның ішінде күрес сүйер қауымы жақсы таныған, рахметтік немере ағам Бақыт Қожахметұлы Қожановқа ілесіп спорт мектебіне сәл ертерек бардым. Ол тұста спорт мектебінде Тобағабыл Өмірзақов, Берік Құдайбергенов ағайларымыз басшылық қызметте болатын. Бақыт ағамның негізгі жаттықтырушысы ауданымыздың спортының майталманы Қашқынбай ағай еді. Ара-арасында Тобаш ағай менен Берік ағай да ағамды балуандыққа баулып, баптап жүретін. Нәтижесінде, ағам өз салмақ дәрежесінде ұзақ жылдар бойы ауданымыз бен облысымыздың чемпионы боп жүрді. Міне, сол ағама еліктеп мен де спорт мектебіне, күрес үйірмесіне барып жүрдім. Кейіннен, сыныптас достарым да спорт мектебіне келіп, күрес үйірмесіне жазылды. Бұл уақыттарда Созақ күресінің бүгінгі ардагер жаттықтырушылары Төрехан Тасходжаевтың, Нұрлан Тоқпанбетовтың, Алпамыс Сармантаевтың және осы Айтөре Байғараев ағайымыздың оқуларын тәмамдап келіп, аудан спортына енді-енді қызмет ете бастаған тұсы еді. Бәрі де өрімдей жас жігіттер болатын. Әрқайсысының орны бөлек, өз істерін жақсы білетін, жақсы көретін арда азаматтар. Әлі есімде, жас болған соң ба, әлде жаттықтырушыларға тән ерекшелік па, бұлардың барлығы дерлік,

оқушылармен әзілдесіп, қазіргі тілмен айтсақ прикол тастап жүргенді жақсы көретін. Әсіресе, спорт мектебіне жаңадан келген балаларға түрлі логикалық сұрақтар қойып, тән ерекшеліктері мен ой ерекшеліктерін де байқап жүретін. Жастың аты жас қой, өздерінен алдыңғы аға буынның тәрбиесі мен тәжірибесі тағы бар, бұл кісілердің уақытында Созақ күресі биіктерден көрініп жүрді. Ауылымыздың 67 жылы туған азаматтарынан бастап, 74-75 жылы туған жасөспірімдеріне дейінгі белді балуандарымыз осы бір Созақ спортының саңлақтарының алдынан өтті. Барлығының

еркін және қазақша күрестен бапкер немесе мектептерде дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері болды. Айтөре ағайымыз өзі де жақсы күресті. Шәкірттерінің бойына да бойында бар жақсы қасиеттерін сіңіріп, білімі мен білігін, кәсіби тәжірибесін дарытты. Жастардың тәні ғана емес, жандарын да тәрбиелеп, өмірде өз орындарын тауып, орнықты азаматтар болуына көп септігі тиді. Ағайымыздың төл шәкірті, менің құрдасым Созақбай Қалиевтің өзінің шәкірттері: Әкбар Ерубайұлы, Айдос Құлманбетов, Дәурен Дәмен, Бақытжан Барбанов, Мақсат Жанәдіпов секілді т.б. балу-

Беркінбайұлы Байғараев 60 жылдық мерейтойына арналған турнирді аудан әкімдігі, спорт бөлімі мен шәкірттері және ағайындары ұйымдастырған болатын. Жалпы, жарысқа Жамбыл облысынан, Түркістан, Кентау, Шымкент қалалары мен Отырар, Бәйдібек, Ордабасы, Сарағаш, Мақтарал, Шардара және Сауран мен Созақ аудандарынан командалар қатысты. 10 салмақ дәрежесінде өткен облыстық турнир өте тартысты өтті. Ұзын саны 200 ге жуық жасөспірім балуандар белдескен байрақты бәсекеде біздің ауданымыздың балуандарының бәсі жоғары болды. Нәтижесінде: Ауданымыздың атынан турнирге қатысқан 30 оқушының арасынан 2 балуанымыз чемпион атанып, 3 балуанымыз күміс, ал, 5 балуанымыз қола жүлденің иегері атанды. Атап айтар болсақ, Саттархан Мұхаммед 29 келіде және Рахыш Роман 46 келі салмақ дәрежесінде алтыннан алқа тақты. Рахманғали Сұлтан 50, Тынысбек Мирас 55, Өтеген Қуаныш +60 кг да күресіп, жүлделі екінші орынды иеленді. Ал, Рақымбек Мұхаммед 29, Рысбек Бейбарыс 35, Мұса Саят 42, Ермекбай Ернұр 50, Пернетап Ернат 60 келі салмақ дәрежесінде белдесіп, 3 орынға ие болды. Сөйтіп, күні бойына жалғасқан облыстық турнир өз мәресіне жетіп, Айтөре Беркінбайұлының 60 жылдығына орай өткен спорттық шара салтанатты түрде жабылды.



дерлік Созақ күресінде өзіндік орны, бағындырған белестері болды. Шынын айту керек, менен енді мықты балуан шықпады. Бәлкім, менің өмірдегі орным басқа бағытта болған шығар. Нәтижесінде, араға жылдар салып «Созақ үні» газетіне тілші болып келдім дағы, өзім бір паршасы болып табылатын Созақ спортының жаршысы, насихатшысы болып шыға келдім. Ал енді, менің замандас, сыныптас, құрдастарымының арасынан жақсы күрескендер көп болды. Солардан бірнешеуі Айтөре ағайымыздың ізін басып,

андарымыз облыс пен республиканы былай қойып, Азия мен Еуропа және Әлем біріншіліктерінің бірнеше дүркін чемпиондары атанды. Мұның арасында, Бақытжан Бейсембаев, Жандос Қаржаухлы, Ермек Өтебаев, Қуандық Ерғараев, Нұрлыбек Тоқаев, Марғұлан Саржанов сынды шәкірттерінің барлығы дерлік Айтөре ағай мен Созақбай ұстаздарының жолын қуып, балуандарға бапкерлік жасап жүр. Міне енді, сол Айтөре ағайымыз да бүгін бәлкім ағаның, бәлкім атаның жасы 60 қа толып отыр. Енді 3 жылдан соң Со-

Мінеки, ағайын! Өмірінің 37 жылын Созақ спортының, Қазақ күресінің өсіп-өркендеуіне арнаған ауданымыздың азаматы, саңлақ спортшысы Айтөре Байғараевтың мерейлі мерекесін Теріскей жұрты осылай, турнир беру арқылы әспеттеді. Ендігі жерде, Айтөре ағайымыздың 70, 80, 90 бұйыртыңа 100 жылдық мерейтойларында да осылай облыстық, республикалық турнирлерді өткізіп, еліне еңбегі сіңген ерді елеп-ескеріп, елдігімізді таныта берейік, ағайын!

Данияр БЕК.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бақытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер:
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер:
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрман КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай